



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

2. возможность более эффективного распределения бюджетных средств между конкурирующими статьями расходов благодаря получению более точной полной информации о результатах реализации программ в соответствии с приоритетами государственной политики;

3. экономию бюджетных средств за счет повышения эффективности работы государственного сектора;

4. возможность сравнить несколько предлагаемых вариантов программ с точки зрения ожидаемых результатов и затрат;

5. получение предпосылок для повышения контроля за деятельностью министерств и ведомств путем установления показателей результативности и сравнения фактически достигнутых результатов с запланированными;

6. выявление и упразднение дублирующих друг друга, неэффективных программ.

Литература:

1. Кадырова М.Б. Актуальные вопросы реформирования бюджетного процесса в Республике Казахстан // Государственное управление и государственная служба. — 2012.

2. Макашина О.В. Бюджетирование, ориентированное на результат // Вестник ИГЭУ. — 2008. — № 1.

3. Родионова Ю.Б. Применение бюджетирования, ориентированного на результат, в целях повышения эффективности расходов муниципального бюджета // Современная экономика: проблемы, тенденции, перспективы. — 2011. — № 5.

4. Киреева М.С. Особенности применения модели бюджетирования, ориентированного на результат к отраслевым НИОКР // Управление общественными и экономическими системами. — 2008. — № 2.

НӘТИЖЕГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ТИІМДІЛІК АУДИТІН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Маишев Б. Н.

1-курс магистрант студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: bacber_1998@mail.ru

Андатпа: Берілген мақалада қазіргі таңда нәтижеге негізделген тиімділік аудитін жүргізу мәні мен ерекшеліктері, мемлекеттік аудит қызметін жүзеге асыру кезінде нәтижені бағалау жолдары мен тәсілдерін қолданудың халықаралық тәжірибесі, халықаралық деңгейдегі нәтижеге негізделген мемлекеттік тиімділік аудитінің жүзеге асыру тәжірибесі және оны Қазақстан Республикасында тиімділік аудитінің ісін жүзеге асыру кезінде қолдану мәселесі қарастырылған. Мақалада Халықаралық Жоғары Аудит органдарының(ЖАО) аудитті жүргізу тәжірибесі егжей-тегжейлі зерделенген және халықаралық

ЖАО-ның аудит ісін жүргізу ісіндегі нәтижелік аспектісі бағаланған. Нәтижеге және тиімділікке бағдарланған аудит ісін жүргізудің дамыған мемлекеттердегі неғұрлым көрнекті тәжірибелерімен танысу арқылы Қазақстан Республикасындағы тиімділік аудит ісін жүргізудің басты мәселелері мен ерекшеліктері анықталып, халықаралық тәжірибеде қалыптасқан, нәтижеге негізделген аудитті жүргізу тәжірибесі, отандық тәжірибемен салыстырылған.

В данной статье рассмотрены сущность и особенности проведения аудита эффективности, основанного на результате, международный опыт применения методов и способов оценки результата при осуществлении деятельности государственного аудита, опыт осуществления аудита эффективности государства, основанного на результатах международного уровня и его применение при осуществлении аудита эффективности в Республике Казахстан. В статье подробно изучен опыт проведения аудита международными высшими органами аудита(ВОА) и оценен результативный аспект международного ВОА в деле проведения аудита. Ознакомившись с наиболее выдающимся опытом проведения аудита, ориентированного на результат и эффективность, в развитых государствах, выявлены основные проблемы и особенности проведения аудита эффективности в Республике Казахстан, опыт проведения аудита, основанный на результатах, сложившийся в международной практике, сопоставлен с отечественным опытом.

This article discusses the essence and features of the performance audit based on the result, international experience in the application of ways and methods of evaluating the result in the implementation of the activities of the state audit, the experience of the audit of the effectiveness of the state based on the results of the international level and its application in the implementation of the performance audit in the Republic of Kazakhstan. The article examines in detail the experience of conducting audits by international supreme audit institutions(SAI) and evaluates the effective aspect of international SAI in conducting audits. Having familiarized with the most outstanding experience of conducting results-based and efficiency-based audits in developed countries, the main problems and features of conducting performance audits in the Republic of Kazakhstan are identified, the experience of conducting results-based audits that have developed in international practice is compared with domestic experience.

Түйін сөздер: мемлекеттік аудит, нәтижеге негізделген аудит, тиімділік аудиті, INTOSAI.

Қазіргі таңда мемлекеттік органдар мен мекемелердің жұмыс істеу тиімділігін және мемлекеттік жоспарлардың жүзеге асырылу нәтижелігін бағалау дамыған және дамушы мемлекеттер үшін өте маңызды тиімді дамудың негізі болып табылатын, жүзеге асырылуы тиіс қызметтердің бірі. Кез-келген мемлекет пен оның органдары нәтижеге бағдарланған болуы қажет. Мемлекеттер бұны жоспарланатын деректердің нақтылығына, үрдістер мен талаптардың сақталуына назар аударуы нәтижесінде ғана емес, нақты нәтижеге назар аудару арқылы сонымен қатар, қолда бар ресурстарды ұлғайтудың

орнына қол жетімді ресурстар үшін құндылықты құру арқылы жүзеге асыруы тиісті[1]. Қазіргі кезде нәтижеге негізделген тиімділік аудитін жүргізу арқылы мемлекет жоғарыда аталған орындалуы тиіс іс-әрекеттерді біршама қамту мүмкіндігін ұлғайтады. Бірақ соған қарамастан, мемлекетімізде бұл аудит түрін жүргізу ерекшеліктері әлі де толығымен зерттелмеген және берілген аудитті жүзеге асыру тәжірибесі кең таралмаған.

Ең алдымен тиімділік аудиті түсінігіне үнілсек, Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымының(INTOSAI) анықтамасы бойынша, «тиімділік аудиті – бұл мемлекеттің жүзеге асыратын іс-шаралардың, жүйелердің және бағдарламалардың жүзеге асырылуы кезінде олардың үнемділік, нәтижелік және тиімділік қағидаларына сәйкес келуін тексеру және оларды жетілдіруге байланысты шынайы, тәуелсіз және объективті тексеру болып табылады[2]». Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес, тиімділік аудиті - аудиттен өткізілетін мемлекеттік объектісінің жұмысын тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелік көрсеткіштерін бойынша бағалау[3]. Тиімділік аудитін жүргізудің басты мақсаттары – бұл мемлекеттік аудит объектісінің жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз ету, оның нәтижелі қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін қажетті ұсыныстарды ұсыну, сонымен қоса аудит объектісінің тиімді жұмыс атқаруына әсер ететін жағымсыз факторлардың алдын алу жолдарын ұсыну.

INTOSAI құрған аудиттің басқару принциптерінің Лима декларациясына сәйкес, аудит ісін жүргізудің басты міндеттерінің бірі – бұл қаржылық басқару ісінің үнемділігі мен нәтижелігін қамтамасыз ету болып табылады[3]. Аудит ісін жүргізуінің үнемділігі мен нәтижелігін қамтамасыз ету арқылы, аудит жүргізілетін мемлекет қаржылық басқару ісінің тиімділігі жақсартып, өзінің жұмыс істеу нәтижелігін біршама арттыруға мүмкін алады, ал мемлекет өзінің қызметін нақты нәтижелерге жету үшін бағыттауға мүмкіндік алады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік ресурстарды үнемдеуді, тиімділікті және тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге әр түрлі тараптардың сұранысы тиімділік аудитін өзекті мәселеге айналдырды, сонымен қатар тиімділік аудиті үкіметтің жалпы есеп берушілігін дамытуға ықпал етеді. Тиімділік аудиті дамыған мемлекеттерде, атап айтсақ Канада, АҚШ, Австралия, Ұлыбритания мемлекеттерінде ХХғ. 50-шы жылдарынан бастап экономика, әлеуметтік және т.б. салалардағы институционалды реформалардың дамуымен қалыптаса бастады[4].

Австралия мемлекетінде тиімділік аудитін дамытудың алғашқы қадамдары 1970-ші жылдары Австралия мемлекетінің жоғары аудит органы, ANAO-ның(Australian National Audit Office) бас аудиторларды басшылық тиімділігін мақсатты түрде бағалауға мүмкіндік беретін тиімділік аудитіне көшу шақырымынан басталған. ANAO-ның тиімділік аудиті жөніндегі қызметі ұйым операцияларының барлығын немесе бір бөлігін және әкімшілік қолдау жүйелерін тәуелсіз және объективті бағалауды қамтиды. Тиімділік аудиті бірнеше субъектілерді қамтуы мүмкін және бағдарламаны немесе қызметті басқарудың немесе бірлескен басқарудың жалпы аспектілерін біріктіруі

мүмкін. Осы қызметтерді жүзеге асыру арқылы АНАО Парламент алдында мемлекеттік басқару аспектілері жақсартылуы мүмкін салалар туралы есеп береді және мемлекеттік сектор субъектілеріне жұмыс тиімділігін арттыруда көмек көрсету жөнінде нақты ұсынымдарды ұсынады[5].

АНАО төрт негізгі бағыт бойынша мемлекет органдарының жұмыс істеу нәтижелігі мен тиімділігін бағалайды, олар:

- үнемділік(шығындарды барынша азайту);
- нәтижелік (нәтижелердің шығындарға қатынасын барынша арттыру);
- тиімділік (белгіленген нәтижелерге барынша қол жеткізу дәрежесін арттыру);
- заңдар мен саясаттардың сақталуын қамтамасыз ету[5].

АҚШ-ның Үкіметтің Есеп Беру Басқармасының(ҮЕББ) анықтамасы бойынша, тиімділік аудитін жүргізудің басты мақсаты – бұл менеджмент пен басқару ісін іске асыратын тараптар үшін бағдарламалар мен операциялардың тиімділігін жақсарту, шығындарды азайту, шешім қабылдауын жеңілдету, сондай-ақ қоғамға есеп беруді қамтамасыз ететін объективті ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз ету болып табылады. ҮЕББ мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттарына сәйкес келетіндігін анықтау үшін тиімділік аудиті мен бағдарламаларды бағалау үшін 1960-шы жылдары бастады. Тиімділік аудиті ҮЕББ-на қазіргі кездегі мәселелерді шешуге қажетті қадағалауды, түсінуді және алдын-ала білуді қамтамасыз етуге қажетті құралдарды ұсынады. Бұл құралдарды қолдану арқылы мемлекет ұсынатын қызметтердің сапасын жақсарту, мемлекеттің жұмыс істеу тиімділігін арттыру және мемлекеттің жұмыс істеу нәтижелігін қамтамасыз ету жүзеге асырылады[6].

Дамыған мемлекеттердің ішіндегі ең алғашқылардың бірі болып тиімділік аудитін дамытудың бастаған мемлекет, Канада мемлекетінде тиімділік аудитін жүзеге асыру ісімен кәсіби аудит стандарттарын қолдану негізінде, Канада мемлекетінің Канада бас аудиторының басқармасымен(Office of the Auditor General of Canada (OAG)) жүзеге асырылады. Канада бас аудиторының басқармасының анықтамасы бойынша, «тиімділік аудиті – бұл үкіметтің өз қызметін, міндеттері мен ресурстарын қаншалықты жақсы басқаратынын тәуелсіз, объективті және жүйелі бағалау» болып табылады. Тиімділік аудиті Канадада үш кезең негізінде жүзеге асырылады: жоспарлау; аудитті жүргізу; есептілік кезеңі[7].

Канададағы тиімділік аудитін жүзеге асырылған соң, тексерілетін ұйымдарға анықталған кемшіліктерге қатысты оң өзгерістер енгізуге бағытталған ұсыныстар жасалынады. Ұсыныстар көбіне айтарлықтай қауіптер бар салаларда жұмыс істейтін ұйымдарға қатысты жасалынады. Жүргізілген тиімділік аудитінің басты мақсаты ретінде мемлекеттің қызметі үнемділік, тиімділік, нәтижелік және қоршаған ортаны сақтау аспектілеріне сәйкес келетіндігі сұрағына жауап беру болып табылады[7]. Бұдан біз нәтижелік аспектісі Канададағы тиімділік аудитін жүргізу ісінде маңызды орын алатындығын байқай аламыз.

Тиімділік аудитін жүргізу барысында нәтижеге негізделуді біз тек дамыған мемлекеттерде ғана емес, сонымен қатар дамушы мемлекеттерде де бақылай аламыз. Аталған мемлекеттер сияқты, Үндістан мемлекетінің бас аудит органы «Үндістанның бақылаушы және Бас аудиторы (Comptroller and Auditor General of India)» тиімділік аудитін жүргізу барысында аудиттелетін объектінің үш аспектіге сәйкес келуі бағалайды, олар: үнемділік; тиімділік; нәтижелік. Үндістандағы аудиттің нәтижелігі келесі аспектілер бойынша бағаланады:

- адам, қаржы және басқа ресурстарды тиімді пайдаланылуы;
- мемлекеттік сектордың бағдарламалары, ұйымдары мен іс-шаралары тиімді басқарылады, реттеледі, ұйымдастырылады және жүзеге асырылады;
- қызметтердің уақытылы ұсынылуы;
- мемлекеттік сектор бағдарламаларының мақсаттарына экономикалық тұрғыдан тиімді қол жеткізілуі[8].

Үндістан аудиторлары аудит дизайнының дұрыстығын жеңілдету үшін нәтижеге, мәселеге немесе жүйеге бағытталған тәсілді немесе олардың комбинациясын таңдауы қажет. Нәтижеге бағытталған тәсілді қолдану арқылы аудиторлар белгіленген мақсаттарға сәйкес түпкілікті мақсаттарға қол жеткізілгенін немесе бағдарламалар мен қызметтер белгіленген мақсаттарға қол жеткізілуін бағалай алады[8].

Аталған дамыған және дамушы мемлекеттер секілді, Қазақстан Республикасында тиімділік аудитін жүргізу Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 12 қарашасында қабылданған «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес, нәтижелік көрсеткіші мемлекеттік аудит ісінде ерекше орынды иеленеді. Нәтижелік көрсеткіші әрбір қызмет бойынша іске асырылған міндеттердің деңгейі және оларға тиісті нақты және жоспарлы нәтижелердің арақатынасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекеттік аудиттің типтеріне жатқызылатын тиімділік аудиттің негізгі мақсаттарының бірі ретінде, нәтижелік нысанын бағалау болып табылады[9]. Бұдан біз Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит ісінде нәтижелік аспектісі ерекше орынды иеленетінің және оның нәтижеге бағытталғандығын бақылай аламыз.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудиттің бір типі болып табылатын, тиімділік аудитін жүргізу кезінде нәтижеге жету факторлары тиімділік аудитінің өлшемшарттарында қарастырылады. Сандық өлшемшарттар нәтижелерге қол жеткізу деңгейі анықтауға мүмкіндік беретін сандық көрсеткіштерді қарастырады, ал сапалық көрсеткіштер нәтижелерге уақытында жету деңгейін қарастырады. Мемлекеттік аудиторлар тиімділік аудитін жүргізуді бастамас бұрын, тиімділік аудитін жүргізудің үш негізгі тәсілдерінің бірін таңдайды. Олардың ішіндегі нәтижеге бағдарланған тәсіл, мемлекеттік аудит объектісі қол жеткізген нәтижелерді бағалауға бағытталған талдамалық және аудиторлық рәсімдерді айқындауды және жүргізуді болжайды[10]. Яғни, бұдан біз Қазақстан Республикасының мемлекеттік

аудиторлары тиімділік аудитін жүргізу барысында, нәтижеге бағдарланған тәсілді қолданатының байқай аламыз.

Нәтижелер. Қазіргі кездегі нәтижеге негізделген тиімділік аудитін жүзеге асыру тәжірибесін зерттеу нәтижесінде келесі қорытындылар жасалған:

1. Тиімділік аудиті – үнемділік, өнімділік, тиімділік және нәтижелік қағидаларына негізделген, мемлекеттік қызметтің және мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асыру тиімділігін бағалау.

2. Қазіргі таңда дамыған және дамушы мемлекеттерде нәтижеге негізделген тиімділік аудитін жүргізу ісі маңызды орынған қойылған, жергілікті жоғары аудит органдарымен жүзеге асырылатын қызмет.

3. Нәтижелік аспектісі тиімділік аудитін жүзеге асыру барысында маңызды рөлді иеленетін, ол мемлекеттің жұмыс істеу тиімділігін бағалауға және оны жетілдіруге ұсыныстарды жасау үшін қажетті.

4. Қазақстан Республикасында нәтижеге негізделген тиімділік аудитін жүргізу ісі мемлекеттік аудит органдарымен жүзеге асырылатын, қол жеткізілген нәтижелерді бағалауға арналған маңызды қызмет.

5. Қазақстан Республикасында нәтижеге бағдарланған тиімділік аудитті жүргізу тәжірибесі кең қолданылмауына байланысты ол дамыған мемлекеттермен салыстырылғанда әлі де жетілмеген болып табылады.

Қорытындылай келетін болсақ, қазіргі таңда нәтижеге негізделген тиімділік аудитін жүзеге асыру мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін бағалаудың ең тиімді жолдарының бірі. Дамыған және дамушы мемлекеттерде нәтижеге негізделген тиімділік аудитің жүзеге асыру ісімен жоғары аудит органдары айналысып, жергілікті мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыру үшін қолдануда. Басқа мемлекеттер сияқты Қазақстан Республикасында да тиімділік аудитін жүзеге асыру барысында нәтижелік аспектісі алға қойылған. Нәтижеге бағдарланған тиімділік аудитін жүргізу арқылы мемлекет өзіннің бағдарламалары мен жұмысын іске асыру тиімділігін біршама арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. International Journal on Governmental Financial Management - Vol. XV, No 1, 2015 Results-Based Systems Are the Path Towards Results-Oriented Government Prof. Dr. Hassan A. G. Ouda

2. Международные стандарты высших органов аудита (ISSAI) выпускаются Международной организацией высших органов аудита (INTOSAI)/Основополагающие принципы аудита эффективности – Кіру тәртібі:https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/documents/open_access/ISSAI_100_to_400/issai_300/issai_300_ru.pdf

3. Международные стандарты высших органов аудита (ISSAI) выпускаются Международной организацией высших органов аудита (INTOSAI) / Лимская декларация руководящих принципов аудита – Кіру тәртібі:https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/documents/open_access/INT_P_1_u_P_10/issai_1_ru.pdf

4. Учебное пособие по аудиту эффективности использования государственных средств / Счетная палата РФ. — М., 2004. — 188 с.

5. Australian National Audit Office (ANAO) / A guide to conducting performance audits – Кіру тәртібі: <https://www.anao.gov.au/work/corporate/guide-to-conducting-performance-audits>

6. United States Government Accountability Office / PERFORMANCE AUDITING The Experiences of the United States Government Accountability Office Statement of J. Christopher Mihm, Managing Director, Strategic Issues – Кіру тәртібі: <https://www.gao.gov/assets/660/658105.pdf>

7. Office of the Auditor General of Canada / What to Expect—An Auditee’s Guide to the Performance Audit Process – Кіру тәртібі: https://www.oag-bvg.gc.ca/internet/English/meth_lp_e_30860.html

8. Performance Auditing Guidelines 2014 Comptroller and Auditor General of India – Кіру тәртібі: <https://www.cag.gov.in/uploads/guidelines/PA-Guidelines2014-05de4f757ca0964-06548165.pdf>

9. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚРЗ Заңы (03.07.2020 ж өзгерістермен) – Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

10. Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ қаулысы – Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013647#z3>

БЮДЖЕТТЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Малгазарова Лаура Мараловна

Мемлекеттік аудит мамандығының 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., профессор Бейсенова Ляззат Зияденовна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: malgazdarova12@mail.ru

Аннотация

Осы мақаланың өзекті мәселесі - мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру. «Мемлекеттік қаржылық бақылау» ұғымының мәні, бюджеттік қаржыландыру саласындағы мемлекеттік қаржылық бақылаудың мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметінің стратегиялық мақсаты ашылады. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қызметі негізделетін қағидаттары көрсетіліп тұр. Әлемдік тәжірибеде бюджет қаражатын басқарудың тәсілдері мен Қазақстанда бюджеттік басқаруды жүзеге асыруы қарастырылады. Нәтижелерге негізделген